

Сыздықов Серікбол Құсайынұлының
«6D021400- Әдебиеттану» мамандығы бойынша «Ақселеу
Сейдімбектің прозасындағы ұлттық-этнографиялық
құндылықтардың көркемдік қызметі» деген тақырыпта философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

П І К І Р

Қазақ ұлтының сұлулық әлемімен біте қайнасқан серілік, дала болмысын ажарлайтын аңшылық, құсбегілік, қыз ұзату, келін түсіру, барымта өзге де этнографиялық көріністер ойыңа ұялап, санаңа сіңіп кететін сиқырлы күшке ие. Сыздықов Серікбол Құсайынұлының «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша докторант С.Қ. Сыздықов А. Сейдімбектің әңгімелері мен хикаяларын зерттеу нысанына алып, шығармалардағы ұлттық - этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметін ғылыми теориялық тұрғыда қарастырған.

Ақселеу Сейдімбектің қазақ ұлтының этнографиялық болмысын, этнос табиғатын өнер табиғатымен көркемдік-эстетикалық жүйеде астастыра бейнелейтін прозасы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар құбылыс. Жазушы прозасындағы ұлттық құндылықтарды ғылыми тұрғыда талдау, біріншіден, әлемдік мәдени кеңістіктегі қазақ әдебиетінің этнографиялық сипаттағы өзіндік орнын анықтауға мүмкіндік берсе, екіншіден, ұлттың этникалық рухани сипатын тану, қайталанбас бірегей мәдени даралығын тану үшін маңызды. Қаламгер туындыларын философия, этнология, этнопсихологиямен ұштастыра отырып бағалау қажеттілігі зерттеу тақырыбының өзектілігіне қызмет етеді.

Диссертант аталған қаламгердің шығармашылығы туралы Отандық ғалымдардың зерттеулерін назарда ұстап отырған. Сонымен бірге көптеген зерттеулерге сүйене отырып, талдаудан туған пайымдауларын ұсынған. Сондықтан да жекелеген жазушылар мен Ақселеу Сейдімбектің қазақ ұлттың этнографиялық болмысы туралы жасаған тұжырымдары дәлелді әрі дәйекті.

Зерттеуші жазушының «Тауға біткен жалбыз», «Тәтті тіршілік», «Қақпаншы», «Рамазан мерген», «Зерде» «Табысу», «Көңіл шіркін», «Олжа», «Аңшы өтірік айтпайды», «Айқас», «Бүркіт» (этнографиялық

Делі

әңгіме) атты әңгімелері сюжеттік композициялық, идеялық - көркемдік шешім тұрғысынан саралана талданған.

Жазушының аталған шығармаларындағы қазақ халқының ежелгі түркі дәуірлерінен қазіргі заманға дейін жалғасқан ұлттық этнографиялық салт-дәстүрлері эстетикалық таным бойынша қарастырылған. Әсіресе, жазушының дала тіршілігінің көшпелілер дүниетанымы бойынша бағаланатын көзқарастары кейіпкерлердің мінез-құлық психологиясы арқылы бейнеленген. Шығармалар арқауына алынған ұлттық сипат ұстанымын айқындай түсетін қазақ аңшылығының эстетикалық болмысы көркем бейнелеулер, суреттеулер арқылы орындалғаны мәтіндік талдаулармен көрсетілген.

Сонымен қатар диссертант А.Сейдімбектің «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Бір атым насыбай», «Ақиық», «Атамекен» повестерінде кейіпкерлердің портреттері, монологтары, диалогтары, пейзаждық суреттеулер, тілдік - стильдік қолданыстар және т.б. поэтикалық ерекшеліктер ғылыми - теориялық талдаулармен жүйеленген. Зерттеуші тақырып нысанына алынған жазушының шығармаларындағы қазақ әдеби тілінің қорындағы бұрынғы-соңғы үлгілерді қолданудағы шеберлік сырларына да өзіндік бағалаулар жасаған.

Диссертант аталған тұлғаның шығармашылығы туралы Отандық ғалымдардың зерттеулерін назарда ұстап отырған. Сонымен бірге көптеген зерттеулерге сүйене отырып, талдаудан туған пайымдауларын ұсынған. Сондықтан да жекелеген жазушылар мен Ақселеу Сейдімбектің ұлттың этнографиялық болмысы туралы жасаған тұжырымдары дәлелді әрі дәйекті.

«А.Сейдімбек прозасындағы ұлттық - этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» деп аталатын жұмыстың мазмұны «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық-этнографияның көрінісі», «А.Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтар» деген негізгі бөлімдерді қамтиды. Бірінші бөлімде ұлттық этнографиялық құндылықтар мен қазақ прозасындағы ұлттық-этнографияның көркемдік қызметі қарастырылса, екінші бөлімде жазушы әңгімелеріндегі өмір шындығы және ұлттық-эстетикалық ұғымдар және қаламгер повестеріндегі ұлттық этнографияның бейнеленуі зерттелген.

Ұсынылып отырғын диссертация кіріспесінде көрсетілгендей алдына қойған мақсатына жеткен. Ізденушінің тақырыпты зерттеу барысындағы қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен ой қорытындылары талдау

нәтижелерінің дәлдігін, талдау нысанасына алынған материалдардың сан қырлылығы мен деректілік мәнін, тың сипатын, теориялық деңгейінің биіктігін ерекше атауға болады.

Зерттеу жұмысында түйінделген ой-түйіндер мен дәйектемелердің нақтылығы мен сонылығы диссертанттың аталған тақырыпты жете меңгеріп, мұқият зерттегенін көрсетеді

Қорыта айтқанда, көрнекті жазушы - ғалым Ақселеу Сейдімбек шығармаларындағы ұлттық - этнографиялық құндылықтардың көркемдік бейнеленуін тиянақты жүйелеп, қарастырған диссертациялық жұмысын қорғауға және диссертантқа 6D021400 – Әдебиеттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Пікір беруші:

Кенан Коч
ф.ғ.докторы, профессор
Мугла Сыткы Кочман
университеті, Түркия

